

## Балқаш қаласы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Қарағанды облысы Балқаш қаласының әкімдігінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 20/04 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Заңының 40-бабы 2-тармағы 2) тармақшасын басшылыққа алып, Балқаш қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Балқаш қаласы әкімдігінің 2014 жылғы 27 қарашадағы № 49/01 "Қалалық коммуналдық мүлікті мүліктік жалдауға (жалға алуға) беру кезінде жалдау ақысының мөлшерлемесін есептеу Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізіліміндегі тіркеу нөмірі № 2907, 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 4-5 (12255) "Балқаш өңірі" және 2015 жылғы 14 қаңтардағы № 3 (1324) "Северное Прибалхашье" газеттерінде жарияланған) қаулысының күші жойылды деп танылсын.

2. Балқаш қаласы әкімі аппаратының мемлекеттік-құқықтық жұмыс бөлімі (Б.С. Асылбеков) заңнамада белгіленген тәртіппен, осы қаулыдан туындайтын тиісті ж ұ м ы с т ы ж ү р г і з с і н .

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Балқаш қаласы әкімі аппаратының басшысы Сандугаш Сабетовна Асылбековаға жүктелсін.

*Балқаш қаласының әкімі*

*А. Райымбеков*